Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 1-11 сынып аралығында 11 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 4 сынып, 5-9-сыныптарда 5 сынып, 10-11-сыныптарда 2 сынып бар, даярлық сыныбы - 1. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарға басты назар аударылды.

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау, орындалуын қадағалау, қорытындысын шығару және кемшіліктермен жұмыс жасау.
2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын аутодиструктивті мінез – құлқы көріністерінің алдын алу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін, денсаулығын басты назарға алу.
3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналардың рөлін арттыру, олардың мектеппен бірлесіп бір бағытта жұмыс жасауға бар күштерін салуға шақыру.
4. Жалпыға құқықтық білім беру жұмысы;
5. Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру.
6. Жоспарға сәйкес енгізілген өзгерістер мен ұсыныстарды қапыда қалдырмау және жоспарланған түрлі жобаларды енгізу және іске асыру.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес әр дүйсенбі күні оқушылар мен ұстаздар Гимн орындайды. Мақсаты: оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге дәріштеу

Сәрсенбі – жұма күндері аралығында оқушылар таңғы жаттығуды жасайды. Мақсаты: салауатты өмір салтын ұстану.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие бағыты мен «Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша 2023 жылы 1 қыркүйек Білім күніне орай «Мектебім – Мейірім мекені» тақырыбында әр сыныпта бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие бағыты мен «Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша әр дүйсенбі күні барлық сыныптарда Әнұран орындалады.

2023 жылы 05 қыркүйек күні ҚР халқының Тілдері күні мерекесінің жоспары құрылып бекітілді. ГӘБ қызметкерлері жоспармен танысты.

2023 жылы 05 қыркүйек күні тіл мамандары Шайхудинова А.С, Наурызкулова М.Ж, Тоорохан Н «Мағжан Жұмабаев-заманның заңғар тұлғасы» атты жалпықазақстандық ашық диктант өткізді.

2023 жылы 6 қыркүйек кітапханашы Секуова А.Т «Тіл-рухани күре тамыр» атты кітап көрмесін ұйымдастырды

«Талап» құндылығын іске асыру мақсатында балалардың қауіпсіздігіне байланысты Төтенше жағдай мен полиция өкілдері, дәрігерлер түсіндірме жұмыстарын өткізіп жүрді.

2023 жылы 7 қыркүйек тіл мамандары «Тілімізге деген көзқарас-елімізге деген көзқарас» атты мемлекеттік және орыс тілдерінде

шығармалар сайысын ұйымдастырып өткізді.

2023 жылы 8 қыркүйек бастауыш сыныптар арасында «Тіл ұлттық тұғырым» атты суреттер байқауы өтті, балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырылды

2023 жылы 11 қыркүйек 5-сынып оқушыларының арасында қазақ тілі мұғалімдері Наурызкулова М.Ж және Тоорохан Н «Тіл-асыл қазынам» атты мақал – мәтел, жұмбақ сайысын өтті.

2023 жылы 12 қыркүйек күні сынып жетекшілер «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

2023 жылы 13 қыркүйек күні орыс тілі пәнінің мұғалімі Д.И.Қопабаева 7-8 сынып оқушыларының арасында «Язык-богатство народа» сыныптан тыс іс-шара өткізді

2023 жылы 14 қыркүйек Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына арналған «Ұлт ұстазы-Ахмет» атты сайысы өтті «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-сі бойынша 2023 жылғы 05 – 15 қыркүйек аралығында өткен іс – шаралардың бәрі әлеуметтік желілерге жіберілді

Мектеп психологы Аскарова М.Ж. оқушыларымен Буллингтің зардаптары туралы түсіндірме жұмыстарын (сынып сағаты) өткізді. «Сенім телефоны» туралы түсіндірме жұмыстары қамтамасыз етіліп жатты. «111» банері жаңартылды.

Темекі шегудің, нашақорлық пен алкоголизмнің алдын алу бойынша жоспарына сәйкес арнайы бұрыш ұйымдастырылды. Жыл бойы сынып сағаттары өтті.

27 қыркүйек және 14 қазан күні мектеп психологы, кітапханашы, «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі, сынып жетекшілер булинг бойынша «Өрлеу» РБ оқу орталығы ұйымдастырған семинарға қатысты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбие бағыты мен «Талап» құндылығы негізінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

«Тоғыз айға тоғыз іс – шара» жобасы аясында балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 2023 жылы 8 қыркүйек күні «Сергіту сәті» челленджін өткізді.

«Ата – аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында ата – аналарға қолдау көрсету орталығын құру туралы бұйрық шығарылды. Отбасылық тәрбие «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жобасы аясында 2023 жылы 20 қыркүйек күні «Менің отбасым – шығармашыл отбасым» ата – аналармен жұмыс жүргізілді. Бұл іс – шараға Наурызкулова М.Ж. Рахымжан Б. Жеңісқан Ж. қатысты

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі бағыты мен «Талап құндылығы негізінде «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаты өткізілді

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша «Қожа Ахмет Ясаудің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясаудің туғанына 930 жылдығына орай 9–11– сыныптар арасында іс – шаралар өткізілмей қалды. Бұл іс – шараны тарих пәнінің мұғалімдері қазан айында өткізеді

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбиесі бағыты мен «Ұлттық мүдде» құндылығы» бойынша Тілдер онкүндігі аясында 2023 жылы 12 қыркүйек күні «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» сынып сағаттары өткізілді.

Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. «Жас құтқарушылар» клубының жетекшісі Байқалған Е. «Еріктілер ұйымын» құрды Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие бағыты бойынша 2023 жылы 19 қыркүйек күні бастауыш сынып мұғалімдері «Адал азамат – әділетті Қазақстан» тақырыбында сынып сағатын өткізді («Ұлттық мүдде» құндылығы) «Абай клубының» жетекшісі Жолжақсы Ш. рухани– адамгершілік тәрбие негізінде А.Құнанбайұлының рухани – адамгершілік мұрасы – оқушылардың патриоттық және адамзаттық тәрбиесінің негізінде іс-шара өткізді

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі бағыты мен «Талап» құндылығы бойынша мектеп медбикесі Шамерханқызы Г. «Дұрыс тамақтану мәдениетін түсіндіру» тақырыбында оқушылармен түсіндірме жұмысын үнемі жүргізеді. Ыстық тамақ ішетін бастауыш сынып оқушыларының жетекшілері асханада оқушылардың тәртібін қадағалап отырады.

2023 жылы 20 қыркүйек күні 9 – 11 – сынып оқушылары арасында ұлттық мектеп лигасының бағдарламасы бойынша футбол спорт

түрінен «Былғары доп» аймақтық жарысына қатысып «Бозтал ауылының ЖОБМ» КММ-нің командасы ІІ орынға ие болды. Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

2023 жылы 26 қыркүйек күні Еңбек күні мерекесіне орай «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 9 – сынып оқушысы Шыңгілбай Қастер өз жетістіктерімен бөлісті. Дебат клубы бойынша қатысқан байқаулар туралы бейнеролик түсірді. Сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді

2023 жылы 1 қазан Қарттар күніне орай сынып жетекшілер «Қариясы бар үйдің-қазынасы бар» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі И.Ристанның ұйымдастыруымен 9 – сынып оқушысы Тайшыбай Қарылғаш ата – әжелерімізді құттықтау бейнеролигін түсірді.

Мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жаңа кітаптардың көрмесін ұйымдастырыды. Мақсаты:кітапханаға келген жаңа кітаптарымен таңыстыру. «Bookcrossing» -өзің оқысаң басқалар да оқысын кітап көрмесі жасалды.Мақсаты: балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оқушылар бір-бірімен кітап ауыстырып отыру Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына-130 жылына кітапханада көрмесі ұйымдастырылды және өмірімен таныстырылды. Оның мақсаты:ақынның өмірін біліп,оған деген құрметін арттыру

«Талап» құндылығын іске асыру мақсатында құқықбұзушылыққа байланысты ДТІЖО Шайхудинова А.С. 2023 жылы 9 қазан күні салтанатты жиында ҚР Оқу – ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі 2023 жылы 3 наурыз күні шыққан №61 бұйрықпен таныстырды. Ата -ана, мұғалім тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізіліп жатты. Мектепшілік есепке алынған оқушы жоқ.

2023 жылдың 11/09 – 24/10 аралығында «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жоба аясында ДТІЖО А.С.Шайхудинованың ұйымдастыруымен 2 қазан күні 8– сынып оқушысы Жарқын Ұлан «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» атты тақырыпта ұстаздарға арнап шығарған өлеңін оқыды.

Тәуелсіз қазақ елінің дамуына қосып келе жатқан еңбектері үшін Ұстаздар күні мерекесіне орай 2023 жылы 4 қазан күні аудандық мәдениет үйінде мектеп педагогтары мен ауданның білім беру қызметкерлеріне салтанатты құрмет көрсетілді. Осы салтанатты жиында орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Д.И.Копбаеваға аудан әкімі Н.З.Мукатов облыстық «Құрмет грамотасын» табыстады.

2023 жылы 4 қазан күні аудандық мәдениет үйінде мектеп педагогтары мен ауданның білім беру қызметкерлеріне салтанатты құрмет көрсетілген жиында ДТІЖО А.С.Шайхудинова «Аялы алақан» отбасы клубының жұмысымен таныстырды. 9 – сынып оқушысы Сағын Меирхан өз өнерін көрсетті. Меирхан мен бишілер тобын дайындаған жетекшілеріне Қыздарбекова А.Р. мен Байқалған Е. алғысымды білдіремін.

2023 жылы 5 қазан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан мен 11 – сынып жетекшісі Г.К.Айтжанованың ұйымдастыруымен «Дублер күні» өтті. Жоғарғы буын оқушылары бір күні ұстаздардың орнына оқушыларға сабақ өткізді, концерттік бағдарламаны ұйымдастырды.

2023 жылдың 11/09 – 24/10 аралығында «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жоба аясында ДТІЖО А.С.Шайхудинованың ұйымдастыруымен 6 қазан күні 4-6 – сынып оқушылары арасында әңгіме жазу, өлең құрастыру байқауы өтті. 4 – сынып оқушылары Бақытқажы Жансүйер, Үмітхан Бірлік, 5 – сынып оқушысы Жолдыбай Нәзи, 6 – сынып оқушысы Бақбердің шығармалары газет – журнал баспасына жіберіледі. Жетекшілері: тіл мамандары Жолжақсы Ш. Тороохан . Науризкулова М.Ж.

2023 жылы 13 қазан күні «Малтабар ауылының П.Кәрімұлы ат. ЖОББМ» КММ – нде тоғызқұмалақ, асық ату спорт түрінен аймақтық жарыс өтті. «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нің командасы тоғызқұмалақ спот түріне ІІІ орынға ие болды. Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

Оқушылардың бойына патриоттық сезімді баулу мақсатында 2023 жылдың 16 – 24 қазан аралығында Республика күні мерекесіне орай іс – шаралар өтті.

16 қазан күні 5 – 8 – сынып оқушылар арасында тіл мамандары Абыкеева Б.Қ. Тороохан Н. Науризкулова М.Ж. Шайхудинова А.С.

«Атамекен», «Туған жер» тақырыбында диктант жазғызды.

2023 жылы 17 қазан күні Мектеп кітапханашысы А.Т.Секуова «Ұлы дала елі» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты: туған жерге деген сүйіспеншілік, құрмет дәріптеуге.

2023 жылы 17 – 18 қазан күндері «Менің туған жерім» тақырыбында 8 – сынып оқушысы Серік Арайлым, 10 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан бейнеролик түсірді. Жетекшілері: Байқалған Е. Кобабаева Д.И. «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан

2023 жылы 18 қазан күні 9 – 11 – сынып оқушылары арасында тіл мамандары Абыкеева Б.К. Тороохан Н. Шайхудинова А.С. «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазғызды.

2023 жылы 19 қазан күні даярлық топ тәрбиешісі амиржанова Ү.А. «Тәуелсіз елім – Қазақстан» сурет салу байқауын өткізді.

2023 жылы 19 қазан күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С. пен Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Байқалған Е. Республика күніне орай мұғалімдер мен оқушылар командасы арасында волейбол спорт түрінен жарыс ұйымдастырды. I орынға мұғалімдер командасы ие болды. II орынға 11 – сынып оқушылары, III орынға 9 – сынып оқушылары ие болды. «Үздік ойыншы» номинациясына ие болған 10 – сынып оқушысы Жарқын Марғұлан.

2023 жылы 21 қазан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан Мектеп парламентінің президентін сайлау іс – шарасын өткізді. Мектеп президенті лауазымына 3 үміткер дауысқа түсті.

- 1) Маханбетова Аружан
- 2) Тайшыбай Қарылғаш
- 3) Серік Арайлым

Сайлауға келген оқушылардың жалпы саны – 70. Сайлау қорытындысы бойынша дауыс саны есептелді. Нәтижесінде Тайшыбай Қарылғаш – 31; Маханбетова Аружан – 29; Серік Арайлым – 10 дауыс жинады.

2023 жылы 23 қазан күні «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» жобасы шеңберінде ДТЖО А.С.Шайхудинова Әнұран орындау іс – шарасын өткізді. Мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету

2023 жылы 24 қазан күні «Елінің тарихын құрметтейді» тақырыбында 25 қазан -Қазақстан Республикасы күніне орай сынып сағаттары өтті.

2023 жылы 24 қазан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан 2 – сынып оқушыларын «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиынын өткізді

2023 жылы 26 қазан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан «Алтын күз» іс – шарасын өткізді. Бұл іс - шараға сынып жетекшілер мен ата – аналар үлкен жауапкершілікпен кіріскендіктен жақсы деңгейде өтті.

2023 жылы 27 қазан күні «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан Мектеп парламенті президентін ұлықтау рәсімін өткізді.

2023 жылы 27 қазан күні шағын орталық тәрбиешілері Оспанова С.Х. және Қожахметова Ж.М. «Алтын күз» іс – шарасын ұйымдастырды.

2023 жылы 27 қазан күні сынып жетекшілер күзгі демалыс кезінде оқушылардың өзін ұстауы және қауіпсіздік ережелері туралы сынып сағаттарын өткізді.

27 қазан күні полиция капитаны Искаков А.Т. 5 – 11 – оқушылар арасында қауіпсіздік ережесі туралы дәріс оқыды.

Оқушылармен, педагогикалық ұжыммен қауіпсіздік техникасы бойынша жүргізілген нұсқаулық журналдары тексерілді

«Абай клубының» жетекшісі Жолжақсы Ш. А.Құнанбайұлының рухани – адамгершілік мұрасы – оқушылардың патриоттық және адамзаттық тәрбиесінің негізінде іс-шара өткізді

2023 жылы 31 қазан күні сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік жиналысы өтті. Күн тәртібі бойынша келесі мәселелер талқыланды:

- 1) Күзгі демалыс кезінде өтетін іс – шаралар жоспары бойынша жұмыстар атқару;
- 2) Ата – аналарға педагогикалық көмек көрсету орталығы, «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқару

3) Мектепшілік, аудандық іс – шараларға белсенділік танытып қатысу

«Ар-ұят» пен «Талап» құндылықтарын іске асыру мақсатында, кәметке толмағандар арасындағы қатыгез қарым – қатынастың алдын алу жұмысының жоспарына сәйкес 8 – 20 қараша аралығында мектебімізде «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны өтті. Науқанның мақсаты: балаларға қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесіне қоғамдық назар аудару, қоғамда балаларды қатыгездікке төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру, балаларды зорлық – зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру.

2023 жылы 17 қараша күні «Малтабар ауылының П.Кәрімұлы ат. ЖОББМ» КММ – нде өткен аймақтық жарыста «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нің командасы тоғызқұмалақ спорт түрінен 2-орынға ие болды. Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы шеңберінде «Алтын сақа» олимпиадасы бойынша іс – шара күнде өткізілді. Шағын орталық тәрбиешілері бүлдіршіндерге асық ойыны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі Амиржанова Ү.А. оқушылармен «Шертпе», «Ханталапай» ойынын ұйымдастырды. 1 – 2 – сынып жетекшілері Тулеубаева Р.А. мен Қолғанат А. «Омпа» асық ойынынан турнир өткізді. 3 – 4 – сынып жетекшілері Жумабекова М.С. мен Жолжақсы Ш. ұлдармен «Асық ату», қыздармен «Бес асық» ойындарын өткізді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С. 5 – 11 – сынып оқушылары арасында «Бес асық» ойынын өткізді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шайхудинова А.С. ұйымдастыруымен 2023 жылы 17 қараша күні «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» жобасы шеңберінде «Асық ату» челленджі өтті. Мақсаты: ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу. Бұл челленджге 3 – 4 – сынып жетекшілері Жумабекова М.С. мен Жолжақсы Ш. оқушыларымен атсалысты. Ұлдар «Асық ату», қыздар «Бес асық» ойынын ойнады. Челлендж соңында жеңімпаздар марапатталды.

22 қараша күні «Зорлық – зомбылықсыз әлем» тақырыбында өткен аудандық пікірсайысқа «Шапағат» дебат клубының мүшелері Тайшыбай Қарылғаш пен Серік Арайлым қатысып 1 - орынға ие болды. Серік Арайлым «Үздік спикер» номинациясына ие болды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тороохан Н.

2023 жылы 22 – 23 қараша күндері «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы және «Үштік одақ» жобасы бойынша ата-аналар үшін «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Мақсаты: ата – аналармен тығыз байланыс орнату; балаларының сабақ үлгерімін бақылау.

2023 жылы 24 қараша күні «Тайбай ауылының ЖОББМ»КММ-нде шахмат және теннис спорт түрінен өткен аймақтық жарысқа «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нің командасы қатысты. Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жобасы аясында «Алтын сақа» олимпиадасы өтті. 1 – 11 – сынып оқушылары «Бес асық», «Асық ату» ұлттық ойынын ойнады. Ұйымдастырушылар: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С. пен бастауыш сынып мұғалімдері.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 1 желтоқсан күні «Абай клубы» жетекшілері ұйымдастырған аудандық «Абай оқулары» байқауына қатысып 3 – орынға ие болған 6 – сынып оқушысы Бірлес Мерей. Жетекшісі: Науризкулова М.Ж.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 6 желтоқсан күні «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Шайхудинова А.С., Науризкулова М.Ж. Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығы, Жұмабаев Мағжан Бекенұлының 130 жылдығына орай танымдық сабақ өткізді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 11 желтоқсан күні тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес Тәуелсіздік күніне орай жоспар құрылып бекітілді, сайтқа жүктелді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Тәуелсіздік күніне орай «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. ұйымдастыруымен фракция мүшелері ұстаздар мен оқушылар арасында сұрақ – жауап түрінде қызықты тренинг өткізді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Тәуелсіздік күніне орай 2023 жылы 12 желтоқсан күні сынып жетекшілер онлайн түрінде (аяз) «Еліміздің асыл тірегі – рәміздер», «Тұғырың биік болсын туған ел» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

«Тоғыз ай – тоғыз іс – шара» жобасы аясында 2023 жылы 13 желтоқсан күні сағат 12:00 – де қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Шайхудинова А.С. 9 – сынып оқушыларымен «Шығарма жазу: болашаққа хат» атты онлайн түрінде челлендж өтті. Мақсаты: білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері мен болашағы туралы шығарма жазу.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 14 – 15 желтоқсан күндері онлайн түрінде тіл мамандары Абыкеева Б.Қ. Жумабекова М.С. Науризкулова М.Ж. Тороохан Н. Шайхудинова А.С. «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты мәнерлеп оқу мүшайрасын ұйымдастырды.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Тәуелсіздік күніне орай «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. ұйымдастыруымен 2023 жылы 15 желтоқсан күні Мектеп парламентінің президенті Тайшыбай Қ. «Ел тарихы – жер тарихы» тақырыбында бейнеролик түсірді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты жоспар бойынша бірнеше іс– шаралар өткізілмеді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 16 желтоқсан күні «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нің барлық ұстаздар, оқушылар мен қызметкерлерінің атынан құттықтау бейнеролигі түсіріліп әлеуметтік желіге жүктелді.

➤ 11/12 – 15/12.2023 ж7 психология апталығы өтті. Тақырыбы: «Мейірімге толы жүрек». Мақсаты: оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ету.

➤ 11/12.23ж. апталықтың ашылуы, оқушыларға тапсырмалар дайындалды

➤ 12/12.23ж. ұстаздармен тренинг «Өзінді күт!». Педагогтердің арасында эмоционалды күйзелістің алдын алу.

➤ 13/12.23ж. 1-11 – сыныптардың оқушыларымен психологиялық ойындар және тренингтер ұйымдастырылды.

➤ 14/12.2023ж. Сөйлемді жалғастыр «Егер де мен мейірімді болса, адамдар үшін не істер едім...» акциясы өтті, барлық сыныптар өте белсенді қатысты.

➤ 15/12.2023ж. «Жақсы көңіл-күй» сыйлау акциясы 1-4 – сыныптар оқушылары қатысты.

➤ Психология апталығы ауа райының қолайсыз мерзіміне түскесін кейбір шаралар онлайн жүргізілді, дегенменен жоспарланған іс-шаралар өткізілді

«Талап» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 19 желтоқсан күні 5 – 9 – сыныбында «Экология өмірдің соғып тұрған жүрегі» тақырыбында сынып сағаты өтті.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде экстремистік көріністердің, терроризмнің алдын алу үшін 2023 жылы 27 желтоқсан күні «Қамқорлық» жеке кәсіпкерлігінің теолог маманы Исенов Еркебұлан Олжабайұлы 9 – 11 – сынып ұл балаларына «Деструктивті көзқарастың зардабы» тақырыбында дәріс оқыды. Экстремистік көріністердің, терроризмнің алдын алу мақсатында жыл бойы сынып сағаттары өтті.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Тәуелсіздік күніне орай жоспарланған жұмыс жоспарына сәйкес 2023 жылы 20 желтоқсан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. ұйымдастыруымен 5 – 6 – сынып оқушыларын «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиын өтті.

Талап» құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудинованың ұйымдастыруымен 2023 жылы 21 желтоқсан күні ата – аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде «Буллинг» мәселесі қарастырылды. Мектеп психологы М.Ж.Асқарова Буллинг туралы қосымша ақпарат айтты.

2023 жылы 25 желтоқсан «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Ата – аналар өз балаларының сабақтарына қатысты. Оқушыларымыздың I жарты -жылдықта жеткен жетістіктеріне арналған көрмені тамашалады.

Тәрбие жұмысының жоспары негізінде 2023 жылы 26 – 28 желтоқсан күндері «Жасыл шырша» ертеңілігі өтті.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде «Туған өлке ақындарының шығармалары» іс – шарасы ауа райының қолайсыздығына байланысты, оқушылар онлайн форматта оқығандықтан өтпей қалды. Бұл іс – шараны алдағы уақытта өткіземіз.

«Ар – ұят», «Талап» құндылықтарын іске асыру мақсатында, кәметке толмағандар арасындағы қатыгез қарым – қатынастың алдын алу жұмысының жоспарына сәйкес 2024 жылы 17 қаңтар – 17 ақпан аралығында «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: мектеп ортасында жасампаз (позитивті) ұжымдық шығармашылық негізінде жақсы қарым-қатынастарды қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

Күтілетін нәтиже:

1. Шығармашылық өзара іс-қимыл жағдайында оқушылардың, педагогтардың және ата-аналардың ынтымақтастығына қажеттілікті қалыптастыруға жәрдемдесу.
2. Оқушылардың эмоциялық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін шығармашылық ынтымақтастық негізінде жақсы қарым-қатынастың тиімді нысандары туралы қатысушылардың түсініктерін кеңейту.
3. Бірлескен қызметте қарым-қатынас жасау тәжірибесі арқылы оң қарым-қатынас құру үшін проактивті мінез-құлық дағдыларын дамыту. Акция барысында жоспарға сәйкес түрлі жұмыстар атқарылды.

2024 жылы 9 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында 1-4-сыныптарда онлайн түрінде сынып сағаты өтті.

2024 жылы 17 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Талап» тәрбиесі құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. «Мен оқыған бір ертегі» іс – шарасын өткізді.

2024 жылы 24 қаңтар күні «Ар – ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас өтті. Мақсаты: оқушыларды әдептілікке тәрбиелеу.

2024 жылы 24 қаңтар күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» («Ұлттық өнер» көрмесі) жобасы шеңберінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Н.Тороохан оқушылармен бірге гипс қоспасынан түрлі мүсіндер жасады.

1. Шағын дәріс «Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері» атты іс – шараны мектеп психологы М.Ж.Асқарова өткізді. Логикалық заңдылықтар Липпман әдісі.

2. Дарындылық картасы А.И.Савенков әдісі бойынша жүргізілді

- Шығармашылық
- Академиялық бейнелеу
- Музыкалық
- Өртістік
- Психологиялық
- Көшбасшылық
- Спорттық бағыттар

2024 жылы 26 қаңтар күні математика пәнінің мұғалімі Қыздарбекова А.Р. мен Қайрат А. «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» жобасы шеңберінде: «Қазақ есебі» челленджін өткізді. Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету. Мектеп психологы М.Ж.Асқарова 5 – сынып оқушыларымен жұмыс жүргізді.

1. Бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді.
2. «Менің сыныбым» сурет тесті.
3. Филлипстің мазасыздық деңгейі.
4. Н.Г.Лусканова әдістемесі «Мектепке көзқарасы».
5. Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу. Зорлық –зомбылықтың алдын алу (жасырын саулнама) ай сайын.
6. «Мен мектепте ... сезінемін» аяқталмаған сөйлем әдістемесі.
7. 5-сынып оқушыларының орта буынға кіруімен байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде атқарылған жұмыстар (дамыту сабағы)

№1 Сынып дегеніміз не?

№2 Өзіңді таны.

№3 Орта мектептегі жаңа оқушы.

№4 Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?

№5 Сезім әлемі.

№6 Біздің мұғалімдеріміз.

№7 Дос іздеп жүрмін.

№8 Біз және біздің сынып.

Жыл бойы мектеп медбикесі Г.Шамерханқызы денсаулығына байланысты сабаққа келмеген оқушыларды анықтап отырды.

2024 жылы 25 қаңтар күні «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойыны өтті.

2024 жылы 30 қаңтар күні «Талап» құндылығын іске асыру жоспары негізінде «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында бастауыш сынып жетекшілері сынып сағатын өткізді. Мақсаты: еңбекқорлыққа баулу

2024 жылы 31 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Талап» тәрбиесі құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. «Біз бірге оқимыз» іс – шарасын өткізді.

2024 жылы 31 қаңтар күні «Ата – аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталығы мен «Даналық клубының» жоспарына сәйкес 10 – сынып оқушысы Болатбек Жансаяның әкесі Рахымжан Болатбек ұлдарға жылқы малының әбзелдері туралы түсіндірме жұмысын жүргізді.

2024 жылы 31 қаңтар күні «Ата – аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталығы мен «Даналық клубының» жоспарына сәйкес, «Төрт тоқсан – төрт өнер» («Ұлттық өнер» көрмесі) жобасы шеңберінде 5 – 11 – сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Менің анам (әжем, жеңгем) ...» іс – шарасы өтті.

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында «Абай» клубы жетекшісі Жолжақсы Шашудың ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары «Абай оқулары» байқауына дайындалып жүр.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. 5 ақпан күні 2 – сынып оқушыларымен «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» сайысын өткізді. Мақсаты: оқушылардың дүниетанымдарын байыту, ұлттық құндылықты дәріптеу

2024 жылы 6 қаңтар күні «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. М.Өтемісұлының 220 жылдығы, Ш.Құдайбердіұлының 165 жылдығы, М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай ұлы тұлғалар туралы аұпарат берілді.

2024 жылы 6 – 8 ақпан күні «Талап» тәрбиесі құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде мектеп психологы М.Ж.Аскарова 9 – 11 – сынып оқушыларымен «Менің болашақ мамандығым» дөңгелек үстел, «Мамандық – өмір таңдауы» тренинг өткізді.

2024 жылы 13 ақпан күні «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Ауғанстаннан әскерлердің шығарылуына орай сынып сағаттары өткізілді.

Ақпан айында «Ауған асуында от кешкендер» тақырыбында кітапханада кітап көрмесі өткізілді. Оның мақсаты: балалардың дүниетанымын кеңейту, ауған соғыс ардагерлерді біліп құрметтеу. Жауапты: Секуова А.Т.

2024 жылы 13 ақпан күні ZOOM арқылы Agmola Darуnу ұйымдастырған «Әр уақыттың өз батырлары бар» атты конференциясына «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. мен мектеп парламент мүшелері қатысты.

2024 жылы 20 ақпан күні «Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында онлайн түрінде сынып сағатын өткізді. Мақсаты: болашақта мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауға кеңес беру

2024 жылы 21 ақпан күні «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Жүсіпбек Аймауытов мұрасы» 135 жылдығына орай

кітап көрмесін ұйымдастырды. Оның мақсаты: тұлғаның өмірімен және еңбектерімен балаларды таңыстыру.

Ақпан айынан бастап кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап біздің досымыз» тақырыбына байланысты кітапханада оқушылар арасында викторина жүргізілді. Оның мақсаты: балалардың кітапқа деген қызығушылықты арттыру, білімге құлшыныстарын арттыру болатын. Жауапты: Секуова А.Т.

«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында «Үштік одақ» жобасы бойынша ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты оқушылар қашықтықтан оқыды. Ата – аналарымыз оқушыларға сабақ оқуға көмек берді.

2023 – 2024 оқу жылында 5 – 8, 10 – сынып оқушылары емтихан тапсырады. Осыған орай мектеп психологы М.Ж.Асқарова 2024 жылы 22 ақпан күні «Емтихан кезінде стрестен қалай арыламыз?» тренингін өткізді.

2024 жылы 27 ақпана күні Біржан сал Қожағұлұлының 190 жылдығына, Балуан Шолақ Баймырзаұлының 160 жылдығына, Ақмола облысының құрылғанына 85 жыл толуына арналған «Ақмола жұлдыздары» аудандық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы байқауы өтті. Бұл байқауға «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы шеңберінде «Ұлттық өнер көрмесі» ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындары: Маукишев Б. Аппак Б. Муканова А. Байшахметова А. Иманова М. Жеңісқан Ж. Тоқай А. және оқушылар өз қолөнерлерін көрсетті.

2024 жылы 28 ақпан күні «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» жобасы шеңберінде, «Оқуға құштар мектеп» челленджі өтті. Оқушылар ұлы ақын А.Құнанбайұлының шығармаларын оқыды, өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты. Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту. Өткізген: мектеп кітапханашысы Секуова А.Т.

2024 жылы 29 ақпан күні «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында «Абай клубы» жетекшісі Жолжақсы Ш. «Абай дана – Абай дара» тақарыбында сынып сағатын өткізді.

«Ұлттық мүдде» тәрбие құндылықтары бойынша Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай жоспар құрылды

Медбике Шамерханқызы г. асхана жұмысын күнде қадағалап жүрді.

2024 жылы 1 наурыз Алғыс айту күніне орай түрлі іс – шаралар өтті. Атап айтсақ: сынып сағаттары, мектеп парламент мүшелерінің құттықтау бейнероликтері, флешмоб, кітап көрмесі т.б. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, бауырмал болуға тәрбиелеу

2024 жылы 1 наурыз күні аудандық «Ләйлім шырақ» жас өнерпаздар байқауына қатысып, «Boztal stars» тобы «Әртістік дарыны үшін» номинациясы бойынша Алғыс хатпен марапатталды.

2024 жылы 4 – 7 наурыз аралығында «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша және «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» іс-шарасының жоспары құрылды

2024 жылы 4 наурыз күні 5 – 10 – сынып қыздар арасында «Көктем аруы» байқауы өтті. Мақсаты. Қыз балаларды инабаттылыққа, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу; ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Нәтижесі:

6 - сынып оқушысы Бірлік Мерей – 1 – орын

5 – сынып оқушысы Жолдыбай Нази – 2 – орын

7 – сынып оқушысы Нұрсапа Шакира – 3 – орын

10 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан – 1 – сынып

8 – сынып оқушысы Бақтұрсынқызы Үміт – 2 – орын

9 – сынып оқушысы Муханбетжанова Шакира – 3 – орын

10 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан аудандық «Көктем аруы» байқауына жолдама алды.

2024 жылы 5 наурыз күні барлық сыныптарда «Ұлттық мүдде», «Ар – ұят» құндылықтары бойынша «Ана – тіршілік бастауы», «Алдымен сүй ардақта ата- анады» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

2024 жылы 6 наурыз күні 1 – 4 – сынып қыздар арасында «Көктем аруы» байқауы өтті. Нәтижесі:

4 – сынып оқушысы Сағын Амира – 1 – орын

3 – сынып оқушысы Аралбай Кәмшат – 1 – орын

2 – сынып оқушысы Оспанова Толқын – 2 – орын

1 – сынып оқушысы Сарсенбаева Айзере – 3 – орын

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітапханашы Секуова А.Т. ұйымдастыруымен «Мың алғыс, ...» (ана, әже, әпке т.б.) мәнерлеп оқу іс – шарасы өтті.

Мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. «Гүл мереке, күн мереке – 8 наурыз» тақырыбында көрме ұйымдастырды.

2024 жылы 6 наурыз күні шағын орталық тәрбиешілері Оспанова С.Х. Амантай А.Е. «Аналар, асыл жандар» ертеңгілігін өткізді.

2024 жылы 7 наурыз күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай мектеп парламент мүшелері құттықтау бейнеролигін түсірді.

2024 жылы 4 – 6 наурыз күндері «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында «Үштік одақ» жобасы бойынша Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ата-аналар үшін ашық есік күні ұйымдастырылды.

2024 жылы кітапханашы Секуова А.Т. Әбіш Кекілбаевтың 85 жылдығына орай кітап көрмесін ұйымдастырды.

2024 жылы кітапханашы Секуова А.Т. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бірге оқимыз» іс – шарасын өткізді.

2024 жылы 11 наурыз күні «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Қош келдің, өз Наурыз» іс-шарасының жоспары құрылды.

2024 жылы 12 наурыз күні мектеп психологі аскарова М.Ж. «Мен кіммін және өскенде кім боламын?» тақырыбында 1 – сынып оқушыларымен сынып сағатын өткізді

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай кабинеттерді безендіру, ұлттық киім киіп жүрі жұмыстары жүргізілді.

2024 жылы 12 наурыз «Талап» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 6 – сынып жетекшісі Қайрат Ақжібек «Буллинг белгілері мен сипаттамасы қандай?» тақырыбында сынып сағатын өткізді

2024 жылы 13 наурыз күні аудандық «Көктем аруы» байқауына қатысып Маханбетова Аружан бас жүлдені ұтып алды.

2024 жылы 14 наурыз күні «Көрісу күні – Амал мерекесі» өтті.

2024 жылы 14 наурыз күні Ұлттық кино күні өтті. 5 – 11 – сынып оқушыларына «Жау жүрек мың бала» фильмі көрсетілді.

2024 жылы 15 наурыз күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен «Қайырымдылық» күні өтті. Мектебіміздің ардагер ұстаздарды мектеп парламенті мүшелері Наурыз мейрамымен құттықтады.

2024 жылы 15 наурыз күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен «Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Сіз білесіз бе?» викторинасы өтті. Мақсаты: салт – дәстүрлерімізді ұмытпай насихаттау.

2024 жылы 18 наурыз күні «Шаңырақ» күні өтті. Оқушылар «Наурыз бата» берді. Мақсаты: оқушыларға бата беру түрлерімен таныстырып, наурыз бата беруге үйрету

2024 жылы 19 наурыз күні шағын орталық тәрбиешілері Оспанова С.Х., Амантай А.Е. «Қош келдің, Наурыз» ертеңгілігін өткізді.

2024 жылы 19 наурыз күні мектепалды даярлық топ тәрбиешісі Амиржанова Ү.А. «Ұлттық ойындар» ертеңгілігін өткізді.

2024 жылы 20 наурыз күні барлық сыныптарда «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Нұр себеле Ұлыстың ұлы күні», «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

2024 жылы 20 наурыз күні «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Қош келдің, өз Наурыз» атты концерт өтті.

2024 жылы 20 наурыз күні республикалық «Домбырашылар» челленджі өтті. Бұл челленджге «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нен 7 – сынып оқушысы Күресқызы Жұлдызай қатысты. Жетекшісі: Шакирхан Келгенбек

«Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен мектеп парламент мүшелері Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтау бейнеролигін түсірді

2024 жылы 26 наурыз күні ата – аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде:

1) 3 – тоқсан бойынша білім сапасы. Жауапты ДОІЖО Абыкеева Б.К.

2) Көктем мезгілінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С.

3) Тренинг, сабақ өткізу. Жауапты: сынып жетекшілер

4) Әртүрлі мәселелер

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы шеңберінде («Туған өлке» фестивалі), «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқаны аясында ай бойы мектеп қызметкерлері «Таза өлке» іс – шарасын өткізді. Мақсаты: мектеп ауласын тазалау

2024 жылы 1 сәуір Күлкі күніне орай шағын орталық тәрбиешілері Оспанова С.Х. мен Амантай А.Е. қызықты фотосессия ұйымдастырды.

2024 жылы 2 сәуір күні «Талап» құндылығын іске асыру жоспары негізінде бүкіләлемдік Аутизм жайлы ақпарат тарату күніне орай мектеп психологы Аскарова М.Ж. ата – аналар мен оқушыларға арналған бейнеролик дайындады. Мақсаты: үлкен мәселеге айналған дерт туралы ақпарат беру.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 3 сәуір күні өткен аудандық «Абай оқулары» байқауына 10 – сынып оқушысы Айтжан Мақсұтхан қатысып, «Өлең сөздің патшасы, сөз – сарасы» номинациясы бойынша 2 – орынға ие болды. Мақсаты: ұлы ақынның шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу

2024 жылы 9 сәуір күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Ғарышкерлер күні мерекесіне орай барлық сыныптарда сынып сағаты өтті. Мақсаты: ғарышкерлердің ерең еңбегі туралы мәліметтер беру

2024 жылы 10 сәуір күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде даңқты батырлар Рақымжан Қошқарбаев пен Сағадат Нұрмағанбетұлының 100 жылдығына орай 7 – 11 – сынып оқушылары арасында жалпыреспубликалық диктант жазу іс – шарасы өтті. Мақсаты: ел тарихында ерекше орны бар тұлғалардың өмірі мен өнегелі істерін насихаттау; ел үшін жасаған игі істер туралы ақпарат беріп патриот болуға тәрбиелеу.

2024 жылы 11 сәуір күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Ғарышкерлер күні мерекесіне орай «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. ұйымдастыруымен 6 – сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өтті.

2024 жылы 11 сәуір күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Ғарышкерлер күні мерекесіне орай шағын орталық тәрбиешілері Оспанова С.Х. мен Амантай А.Е. сынып сағатын өткізді.

«Талап» құндылығын іске асыру мақсатында оқушылармен құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 11 сәуір күні «Ата – аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес «Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбында өткен аудандық семинарда директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шайхудинова А.С. «Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны» тақырыбында ата – аналармен танымдық сабақ өткізді. Мақсаты: «Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?» деген проблемалық мәселені талқылап, ата – аналармен бірге шешу жолын іздеу.

2024 жылы 12 сәуір күні мектеп психологы Аскарова М.Ж. «Сіздің балаңыз

5 – сынып оқушысы» тақырыбында 5-сынып оқушыларының ата – аналарымен консультация өткізді

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде және «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында 2024 жылы 19 сәуір күні бастауыш сынып оқушылары арасында өткен аудандық «Абай оқулары» байқауына Бақытқажы Жансүйер қатысып 3 – орынға ие болды. «Абайдың қарасөздері» номинациямы бойынша Нұржанұлы Таңжарық қатысып 2 – орынға ие болды. «Эссе жазу» номинациясы бойынша Үмітхан Бірлік қатысып сертификатқа ие болды. «Өлең сөздің патшасы, сөз – сарасы» номинациясы бойынша Бақытқажы Нұршырақ қатысып сертификатқа ие болды. Жетекшілері: «Абай клубының» жетекшісі Жолжақсы Ш. 4 – сынып жетекшісі Жумабекова М.С. Мақсаты: ұлы ақынның шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу

«Талап» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 22 сәуір күні мектеп психологы Аскарова М.Ж. Буллинг тақырыбында 5 – 6 – сынып оқушылары арасында дәріс өткізді. Мақсаты: оқушылардың арасында жәбірлеу, қорлық көрсетудің алдын алу

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 23 сәуір күні 1 мамыр Қазақстан халықтарының Бірлігі күні мерекесіне орай сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Қазақстанда мекен ететін халықтардың тілі мен мәдениетіне, салт– дәстүріне деген құрметті шындау; еліміздегі халықтар достығын, бірлігін нығайту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай 2024 жылы 24 сәуір кітапханашы Секуова А.Т. «Кітап – тарих, шежіре!» атты сайыс сабақ өткізді. Мақсаты: оқушыларды көркем шығармаларды оқуға баулу.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 25 сәуір күні Кәрім Перуаш ат. жалпы орта білім беретін мектебінде Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырылған аймақтық әскери – эстафеталық жарысқа мектеп командасы қатысып, 3 – орынға ие болды. Жетекшісі: Даулов Е.С.

«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында және «Үштік одақ» жобасы бойынша 2024 жылы 25 сәуір күні ата-аналар үшін ашық есік күні ұйымдастырылды. Өкінішке орай бір ғана ата – ана Ажиханова Ардақ (3-сынып оқушысы Елюбай Мансұрдың анасы) келді.

2024 жылы 29 сәуір күні өткен «Көктемгі пікірсайыс іріктеу ойындары» атты аудандық пікірсайыс турниріне «Шапағат» дебат клубының мүшелері Серікбек Аяла мен Күресқызы Жұлдызай қатысып 3 – орынға ие болды. Жетекшісі: «Дебат» клубының жетекшісі Тороохан Н.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 26 – 29 сәуір күндері 1 мамыр Қазақстан халықтарының Бірлігі күні мерекесіне орай «Бір шаңырақ астында» атты сурет салу байқауы өтті. Байқауға шағын орталық бүлдіршіндері, мектепалды даярлық топ, бастауыш сынып оқушылары қатысты.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 30 сәуір күні 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай сынып сағаттары өтті. Мақсаты: елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

С.Сейфуллиннің туғанына 130 жылдығына орай «Сәкен– жырдың сарқылмас дариясы» атты мәнерлеп оқу байқауы, Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жылдығына орай «Сәтбаев ұлағаты» көрме ұйымдастырылмады. Себебі, тарих пәнінің мұғалімі әрі кітапханашы Секуова А.Т. Көкшетау қаласында пән бойынша құзыреттілігін арттыру курсы өтті.

2024 жылы 1 мамыр күні Қазақстан халықтарының Бірлігі мерекесі күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. ұйымдастыруымен құттықтау бейнеролигі түсірілді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 4 мамыр күні 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. ұйымдастыруымен 1 – сынып оқушыларын «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде және «Мамыр – ынтымақ айы» айлығының жоспарына сәйкес 2024 жылы 6 мамыр күні 9, 11 – сынып түлектері «Таза қазақстан» челленджін өткізді. Сынып жетекшілеріне Қыздарбекова А.Р. мен Айтжанова Г.Қ. және

11 – сынып оқушысы Қайырбек Арманның ата – әжесі көшеттер бергені үшін алғыс білдіреміз.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай кітапханашы Секуова А.Т. «Ұранды елдің – ұрпағы қайсар» атты кітап көрмесін және 9 мамыр Жеңіс күніне орай «Көп күткен Жеңіс» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 6 мамыр күні 9 мамыр Жеңіс күніне орай барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті.

«Талап» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 6 мамыр күні 7 мамыр Отан қорғаушылар және 9 мамыр Жеңіс күніне

орай «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен «Ал, кәнекей, жігіттер!» атты спорттық сайыс өтті.
Нәтижесі:

1 – орынға – 8 – сынып

2 – орынға 5 – сынып

3 – орынға – 6, 7 сыныптың ұлдары ие болды

«Ар – ұят» құндылығын іске асыру жоспары негізінде және «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2024 жылы 10 мамыр күні кітапханашы Секуова А.Т. «Адамдық борыш ар үшін» тақырыбында іс – шарасын өткізді.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы шеңберінде («Туған өлкем» фестивалі), «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде және «Мамыр – ынтымақ айы» айлығының жоспарына сәйкес 2024 жылы 10 мамыр күні «Игі істер» іс – шарасы өтті. Ұстаздар, қызметкерлер, оқушылар мектеп ауласын тазалауға сенбілікке шықты.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 12 мамыр Аналар күні мерекесіне орай «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен құттықтау бейнеролигі жасалды. Ауыл әкімшілігі ұйымдастырған шағын концертке мектеп оқушылары атсалысты.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 15 мамыр Отбасы күні мерекесіне орай «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен мектеп парламентінің мүшелері көпбалалы Қожахметовтар отбасы туралы бейнеролик түсірді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде және «Мамыр – ынтымақ айы» айлығының жоспарына сәйкес 2024 жылы 17 мамыр күні мектеп кітапханашысы «Каникулда кітап оқиық» буккроссингін өткізді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 21 мамыр күні кітапханашы Секуова А.Т. Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жыл -дығына орай «Сәтбаев ұлағаты» көрме ұйымдастырды

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 22 мамыр күні кітапханашы Секуова А.Т. С.Сейфуллиннің туғанына 130 жылдығына орай «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» атты іс – шарасын өткізді.

Аутодиструктивті мінез – құлықтың алдын алу мақсатында жыл бойы мектеп психологі Аскарова М.Ж. білім алушыларымен қажетіне қарай жүргізілетін жеке дамыту сабақтары мен жеке кеңестер өткізді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 22 мамыр күні «Қош бол, бастауыш мектеп» атты мерекелік концерт өтті. Ұйымдастырушы: 4 - сынып жетекшісі Жумабекова М.С.

2024 жылы 23 мамыр күні жалпымектепшілік ата – аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде келесі мәселелер қарастырылды:

- 1) 2024 – 2025 оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар
- 2) Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін ата – аналар қадағалау
- 3) Оқушылардың жазғы демалысын ата – аналар мен сынып жетекшілер бірігіп құру
- 4) Әртүрлі мәселелер

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 23 мамыр күні тарих пәнінің мұғалімі Секуова А.Т. С.Нұрмағанбетовтың 100 жылдығына орай «С.Нұрмағанбетов – халық үшін туылған батыр» тақырыбында танымдық сабақ өткізді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2024 жылы 24 мамыр күні «Білімім – Отаныма» атты тақырыпта сынып сағаттары өтті. 9, 11 – сынып түлектері «Мен.Мектеп.Ұстаз» тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы эссе жазды. 2024 жылы 25 мамыр күні «Мектебім, саған мың алғыс» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті.

«Ұлттық мүдде» құндылығы негізінде жүргізілген іс - шаралар қорытындысы

Оқу жылы	Өткізілген іс – шаралар саны	сілтемелер
2023-2024 оқу жылы	36	https://www.instagram.com/p/Cw7lKyVNjd5/?img_index=1&igsh=aTZ5bHoxMzU1dTk4 https://www.instagram.com/p/CxCWd91tOz-/igsh=ZmlhbDd3bTNjbHJh https://www.instagram.com/reel/CxFoEqgNiSl/?igsh=MWp1bWVjMjBzNHhmNQ== https://www.instagram.com/p/CxNZw3CNMXh/?igsh=MzNmOHBvb3djN25l https://www.instagram.com/p/CyICa1RNvTI/?igsh=NHkwZHNmdWs2dmFw https://www.instagram.com/p/CzGVRZINA0e/?igsh=MWlxdmlpeTB3YW9kZQ== https://www.instagram.com/reel/CzJBYGZNGwy/?igsh=MXdvY3djcjh3YzNzZQ== https://www.instagram.com/reel/CzLkRlbnRSd/?igsh=ejFpMjkwazFqcDl4 https://www.instagram.com/p/CzLpAvrtpiL/?igsh=MWx4MXUybHA0bjFyaQ== https://www.instagram.com/reel/CzO0KOvt2_E/?igsh=NzdvnWw0NnM4anBh https://www.instagram.com/p/CzVsJAQNS3-/igsh=MXFtZXF4OW9zcXBhYQ==

«Ар -ұят» құндылығы негізінде жүргізілген іс - шаралар қорытындысы.

Оқу жылы	Өткізілген іс – шаралар саны	сілтемелер
2023-2024 оқу жылы	30	https://www.instagram.com/p/CzTCeEFN_Br/?igsh=MTEyaHVpcDhvdDByaQ== https://www.instagram.com/p/Cza9ONptc89/?igsh=aXd0YWxuOHUxNm5l https://www.instagram.com/p/Czdji6vt2hW/?igsh=NmV6aGoweXB4aGdj https://www.instagram.com/p/CzIwG4Xtt0S/?img_index=7&igsh=ZGd5MzdtYjlsaXV4 https://www.instagram.com/p/CzvCF09tzPM/?igsh=MXg4aGtiNHc1Y21paw== https://www.instagram.com/p/Cz8LjINtatK/?igsh=MTNIZ2hsczhpawW0eA== https://www.instagram.com/p/C0JmLwhNz-n/?igsh=MWhheW9seG94cGQ3cA==

«Талап» құндылығы негізінде жүргізілген іс - шаралар қорытындысы.

Оқу жылы	Өткізілген іс – шаралар саны	сілтемелер
2023-2024 оқу жылы	43	https://www.instagram.com/p/CxKOSkktUuQ/?igsh=dm11ZTN4Z2dkeWU1 https://www.instagram.com/reel/Cyu05NKtQfy/?igsh=OHFzNnZsNDQ5d3U1 https://www.instagram.com/reel/CzQzAJhthBO/?igsh=MTVvamNoNXpiamkxcQ== https://www.instagram.com/p/CzTCeEFN_Br/?igsh=MTEyaHVpcDhvdDByaQ==

		https://www.instagram.com/p/CzVrEZxtf5o/?igsh=MXEyZDh1eTVtdHF2Mw== https://www.instagram.com/p/Cza9ONptc89/?igsh=aXd0YWxuOHUxNm5l https://www.instagram.com/p/Czdjj6vt2hW/?igsh=NmV6aGoweXB4aGdj https://www.instagram.com/p/CzlWG4Xtt0S/?img_index=7&igsh=ZGd5MzdtYjlsaXV4 https://www.instagram.com/reel/CzlyjsTtkmc/?igsh=MXgwNDFhODNyeHRvYQ== https://www.instagram.com/p/CzollbxtfQc/?igsh=MXR1bjY4cm4ybWUwdg== https://www.instagram.com/p/Czqfj6atlq-/?igsh=NmxrcDRrMzNsanJ5
--	--	---

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарының 2023-2024 жылдардағы сандық көрсеткіші

«Жас Қыран»-41 бала

«Жас Ұлан»-65 бала

Жалпы саны-106

«Өзін-өзі басқару» және «Жас Ұлан» “Жас Қыран “ балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2023-2024 оқу жылының атқарған жұмысы есебі

«Өзін-өзі басқару» ұйымы дегеніміз - балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік. Қыркүйек Білім күніне арналған Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие «Мектебim – мейірім мекені» сынып сағаты («Ұлттық мүдде» құндылығы) бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Өзін - өзі басқару ұйымының президенті Маханбетова Аружан 1 -Қыркүйек Алғашқы қоңырауымен барша Қазақстандықтарды мұғалімдерді, ата -аналарды және оқушыларды құттықтап бейнеролик жасады.

<https://www.instagram.com/reel/Cwpbvwt1m4/?igsh=MWl6d292M3hkbmxwZg==>

